| | 4 к моделі, бала үні<br>Өнім арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>1.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.<br>2.Доға астынан еңбектеп өту.<br>Құрлымдалған қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»<br>**Мақсаты:** Балалар Шапшаңдыққа, алғырлыққа үйренеді.Бақылау әдісі: «Жаппай бақылау<br>**Қорытынды:**<br>Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру. | – Қарқыны тез бе әлде жай орындала ма?<br>Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру. «Бағдаршам» сөзінің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету:<br>бағдаршам – светофор<br>4К моделі, бала үні.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Айжан қыз» (Құрманғазы). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Ұлттық би элементтерін, би ырғағын есте сақтауға үйрету, қарқынын сезіне мәнерлеп билеу. Вальс, марш жанрларымен салыстырып, ерекшеліктерін ажыратуға, әуен ырғағына сәйкес қозғалуға баулу.<br>Сыни ойлау, креативтілік дағды, бала үні.<br>Қортынды<br>Балаларды мадақтау. | таксономиясы, жанама бақылау.<br>**Қорытынды.**<br>Біз бүгін сендермен не жайлы әңімелестік?<br>қандай өлеңді жаттадық?<br>Балаларды мадақтау<br>**Бағдаршам әдіс** арқылы қорытындылау.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектей алады. Жіп бойы-мен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі.<br>**Ресурстар:** Жіп, доға, таяқша<br>**Әдіс-тәсілі:** 4Ккомандада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау<br>**ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ**<br>**Кіріспе бөлім**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.<br>Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол жанда, өкшемен жүру.<br>**1.Жалпы даму жаттығулары:Таяқшамен 5 бөлім**<br>1.Аяқты алшақ қою, таяқша төменде, таяқшаны алға созу, жоғары көтеру, түсіру. Б.қ..5-6 рет.<br>2.Таяқшаны екі қолмен алға ұстау.Оң жаққа созу, алға ұстау, сол жаққа созу ,алға | 1. Әуеде ұшатын көліктер:<br>2. Суда жүзетін көліктер:<br>3. Жерде жүретін көліктер:<br>4. Темір жол көліктер:<br>**Пед жет ойын :« Дауысынан тап »**<br>Шарты: Үнтаспадан көлік түрлерінің : пойыздың гудогі,мотоциклдің, жүк машинаның дыбыстары естіледі<br>**Тақырып бойынша жұмыс. Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.**<br>Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>«Мен жүргізушімін»<br>Шарты: Әр бала өзіне машина мүсіндейді.<br>**Өз беттерінше жұмыс.**<br>Қадағалау, көмек көрсету.<br>Сыни ойлау, бала үні, креативтілік дағды, жанама бақылау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бип, бип дейді<br>Жолдан былай кет дейді<br>Күшікті басуға ,басуға<br>Болмайды ,болмайды ,машина<br>Бип,бип,бип<br>Жеке көмек.<br>Құрлымдалған ойын «Көрме»<br>Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру, бағалау.<br>Галерея шаралау.<br>Өзара бағалау әдісі арқылы қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау. | **арқылы бақылау**<br>**2. Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>**Түрлері: 2-бөлім**<br>1.Доға астынана еңбектеп өту.<br>2.Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру<br>командада жұмыс, жанама бақылау.<br>**3. Қимылды ойын: « Аюлар мен аралар »**<br>Өнім арқылы сарлау<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *ұстау.Б.қ 5рет*<br>*3.Таяқшаны екі қолмен ұстау.Еденге тигенше еңкею.Түзулену.5-6рет*<br>*4.Аяқты алшақ созып отыру. Таяқшаны созу аяқ ұшына тигізу*<br>*5. Таяқшаны еденге қою. Секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.*<br>***4 к моделі, бала үні***<br>***Өнім арқылы саралау***<br>***Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау***<br>***2. Негізгі қимыл-жаттығулары: Түрлері: 2-бөлім***<br>*1.Доға астынана еңбектеп өту.*<br>*2.Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру*<br>*командада жұмыс, жанама бақылау.*<br>***3. Қимылды ойын: « Аюлар мен аралар »***<br>*Өнім арқылы сарлау*<br>*Балаларды мадақтау.* | | |
| ***Серуенге дайындық*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Картотека №11***<br>*Күнді бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека №13***<br>*Аула маңындағы көліктерді бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека №14***<br>*ауа- райын бақылау*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека №17***<br>*«Күз көрінісін бақылау»*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека №18***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні* |

| | ***Серуен картотекасынан*** *(картотека қосымша тігілген)* |
|---|---|
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.*<br>*Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.*<br>*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу*<br>*Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* |

Тексерілді

***ЦИКЛОГРАММА***
***IY апта 25.10-29.10.2021ж***
***«Жұлдыздар» ортаңғы тобы***

***Өтпелі тақырып « Менің отбасым»***
***Тақырыпша. «Алтын күз»***

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Картотека № 1**<br>**Пед жет ойын: «Көкөніс пен жемісті ажырат»**<br>**Мақсаты:** *табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып, жемістердің өсуін, пісіп жетілуімен танысады.*<br>*4К моделі, бала үні.* | **Картотека № 5**<br>**Құрлымдалған ойын: «Телефон»**<br>**Мақсаты:** *естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді.*<br>*4К моделі, бала үні.* | **Картотека №9**<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>**«Бақша да ма,бау да ма?»**<br>**Ойынның мақсаты:**<br>*Жемістер мен көкөністер айырмашылықтарын түсініп, айта алады.*<br>*4К моделі, бала үні.* | **Картотека №10**<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>**Танып ал да, атын ата**<br>**Мақсаты:** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.*<br>*4К моделі, бала үні.* | **Картотека №11**<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>**«Затты сипаттау»**<br>*Мақсаты:Заттарды көріп сипаттау арқылы балаларқоршаған орта жайлы түсіне біледі.*<br>*4К моделі, бала үні.* |
| | **Қатынас саласы дидактикалық ойындар картотекасынан***(картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | **Қазан айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.**<br>**Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету** | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>**Шаттық шеңбері: «Арайлы таң»**<br>*Арайлап таң атты , Алтын сәуле таратты*<br>*Жарқырайды даламыз, Жарқырайды қаламыз*<br>*Қайырлы таң достарым, Қайырлы таң бақшамыз**Бала үні* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері** | **1.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы.** *Жүзім*<br>**Мақсаты:** *Қағазбен жұмыс жасауға үйрету.Қағаздан дөңгелектерді қиюарқылы жүзімді жапсыра алады.*<br>**Ресурстар:** *түрлі түсті қағаздар, ПВА желімі, қылқалам, үлгі суреттер мен таратып беретін бұтақтардың суреттері.*<br>*Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.*<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>*Біздің топта балалар,* | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** *Жыл мезгілі. Күзгі табиғат(сурет бойынша әңгімелеу).*<br>**Мақсаты:**<br>*Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастыруды біледі. Байланыстырып сөйлей алады. Табиғатқа қамқор бола білуді түсінеді.*<br>**Ресурстар:** *күз мезгілінің суреттері, әр түрлі* | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>*Бақтағы жемістер мен көкөністер .*<br>**Мақсаты:** *Аз, кем ұғымдарын ажырата алады. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды біледі.*<br>**Ресурстар:** *жемістер муляж, пішіндер,себет,доптар*<br>*Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.*<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер** | **1. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** *Алтын күз келді!*<br>**Мақсаты:** *Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерді игереді. Табиғаттағы ауа райын бақылауды біледі.*<br>**Ресурстар:** *күз мезгілінің суреттері*<br>*Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.*<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**1.Шаттық шеңбері:** | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** *Алтын күз (сюжеттік с/с)*<br>**Мақсаты:** *Дәстүрден тыс әдісімен ағаштардың дайын суретінің үстінен және жерге сары жапырақтарды орналастыра салуды үйренеді.*<br>**Ресурстар:** *әр балаға ақ қағаз,бояу,қылқалам, жапырақтар.*<br>*Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тату – тәтті ойнады.<br>Дос көңілді әрқашан,<br>Тек жақсылық ойлайды.<br>Бала үні.<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінде неше ай бар?<br>- Күз Күз мезгілінде ауа – рай қандай болады?<br>- Бүгін аптаның қай күні?<br>Өнім арқылы саралау, бала үні, сыни ойлау.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Ғажайып сәт.АҚТ технолгиясынан Алтын күз.**Сәлеметсіңдер ме, балалар?<br>Мен – Алтын күзбін.<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады екен?<br>Балалар Алтын күз көңілсіз болып тұр неге екен?<br>Алтын күз: Балалар менің жемістерім бәрі пісін жиналды, ал жүзімді жинау маған қиын болып тұр.<br>Көмектсесіңдер ме<br>Бала үні.<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>1-топ. қара жүзім<br>2- топ. жасыл жүзім.<br>Балаларға жүзімнің жапырақтарымен салынған суреті таратылады.<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Жүзім**<br>Жүзім туралы слайд қарау.<br>Түсінік беру.<br>**Үлгі арқылы жүзімнің жасалу жолдарын түсіндіреді.**Жұмсақ | жапырақтар,АКТӘдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>**Тілек шоғы.**<br>Балалар гүл арқылы бір-біріне тілек тілейді.<br>**Миға шабул.**<br>**Жұмбақ жасыру**.<br>Жауып жаңбыр,жер сабыр<br>Шөп, жапырақ солады.<br>Бұл қай кезде болады ?<br>Бала үні.<br>Сұрақ жауап.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі ?<br>-Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?<br>-Күз мезгілінде бау-бақшада нелер піседі?<br>Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>«Күзгі табиғат»<br>Мнемотехника әдісі бойынша әңгіме құрап, әңгімеге ат қою. Сұрақ – жауап арқылы балалардың сөздік қорын, тілін жаттықтыру.<br>Өнім арқылы саралау, бала үні, сыни ойлау, блум таксономиясы.<br>**Ой дамыту. АҚТ тех.** | «Күлімдейік».<br>Шеңберге жиналдық. Сен досымсың, мен досыңмын.<br>Қол ұстасып тұрамыз,<br>Күлімдесіп қараймыз.<br>**Қызығушылықтарын ояту**.<br>Тосын сәт.<br>**Білмеспек келеді.**<br>доп салынған себетті бар.<br>Менің себетімде не жатыр?<br>Себетте неше доп бар?Маған санауға көмектесіңдерші.<br>**Пед жет ойын:** «Көп, біреу, бір-бірден, бірде-біреуі жоқ»<br>Шарты: Доптарды санау.<br>5үлкен допғ 3 кішкентай доп, қызыл түсті 1доп .............<br>**Ой қозғау.**<br>Құрлымдалған ойын: «Саябақтағы жемістер»<br>Шарты: Үстелдің үстіндегі табақшада жемістер мен көкөністер жатады.<br>Балаларға жемістер мен көкөністерді санап теріп алуға тапсырма беру.<br>-Неше жеміс жинадың?<br>-неше көкөніс жинадың?<br>Пед жет ойын:<br>«Көп және біреу»<br>Шарты: Тақтаға көп және бір зат бейнеленген суреттер ілінеді. Көп және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп екі жаққа орналастырады.<br>**Ой қозғау.**<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ жасыру** | Табиғат біздің анамыз<br>Табиғатқа баламыз<br>Иілін сәлем береміз<br>Біз әдепті баламыз!<br>2.Балалармен амандасу.<br>**Миға шабул**<br>**Пед жет ойын: «Кім жылдам?»**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Жапырақты бояды,<br>Атырапты бояды.<br>Боян-боян барлығын<br>Сап-сары ғып қояды. (Күз)<br>Бала үні.<br>Жұмбақтың шешуін табады:<br>**Балалардың білімін нығайту.**<br>Тақпақ оқу.<br>Қарашы күз келді, күз келді<br>Жапырақ жауыпты іздерді.<br>Құс біткен керуен тізеді,<br>Қара бұлт қабағын түйеді.<br>**Ой дамыту.**<br>Мнемотехника әдісі бойынша күз мезгілін сипаттау.<br><br>Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы.**Ой қозғау**<br>Сұрақ жауап.<br>-Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?<br>-Құстар қай жаққа ұшып кетеді?<br>Сыни ойлау, бала үні<br>**Тосын сәт.** Күз ханшайымы | саралау, бақылау.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Сиқырлы қорап көрсету.<br>**Ой қозғау.**<br>Қорапта не бар деп ойлайсыңдар ? түрлі түсті жапырақтарды көрсету.<br>**Ой дамыту.**<br>Сұрақ жауап.<br>Жарырақтардың түстері қандай?<br>Неге қызыл,сары ?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Пед жет ойын: «Сиқырлы ағаш»**<br>Сиқырлы ағашқа жапырақтарды ілеміз.<br>**Сары,қызыл жапырақтар арқылы топқа бөлу.**<br>Оқу ортасы арқылы саоалау, блум таксономиясы.<br>**Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру**.<br>1-Сары жапырақтар тобы .<br>Жапырақты бояу арқылы ақ қағазға бастырып сурет салады.<br>2- Қызыл жапырақтар тобы. Жапырақтарды саусақ арқылы бояу,<br>Сыни ойлау, бала үні, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қол сүртетін қағаздарды алып оны бірнеше бөліктерге бөлу,қағазды алақан арасына салып, умаждап көрсетіп, оның жұмсақ болуын, домалақ пішінге келтіруге болатынын түсіндіру. «Домалақ» жүзімдер дайын болған соң, оны алдарыңдағы жүзімнің суреті салынған қағазға орналастырады<br>тікелей бақылау жасау.<br>жүзімнің сабағына, жапырақтарына назар аударуға, оның әдемі болып жасалуына бағыт беру.<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, креативтілік дағды.<br>Алтын күзге жасаған жұмыстарын сыйға беру.<br>Алтын күзбен қоштасу.<br>Пед жет ойын: «Бір сөзбен айт»<br>Шарты: тақтаға көкөністер мен жемістердің суреттерін іледі, оларды бір сөзбен айтуды ұсынады. Көкөністер мен жемістердің қандай пайдасы бар екенін сұрайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Алма баққа барайық<br>Алма терің алайық<br>Ең үлкенін жақсысын<br>Ажемізге сыйлайық<br>Құрлымдалған ойын: «Жемістер мен көкөністер»<br>Шарты:Үлестірмелі материалда берілген жемістер мен көкөністерді ажыратып екі себетке салу. | Күз мезгілін бейне таспадан көрсету.<br>Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>- Неліктен алтын, жомарт күз дейміз?<br>- Күз мезгілінде бау-бақшада не піседі?<br>Бала үні.<br>Күзгі орманға саяхат.<br>Күзгі орманды тамашалау.<br>**Құрлымдалған ойын.**«Жапырақтың түсі қандай?»<br>Шарты: Жапырақтар жинау. Балалар жинаған жапыра-қтарын ажыратады. (түсін, пішінін айтады)<br>**Сергіту сәті.**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп – кішкентай ағаштар<br>Біп – биік боп өседі.<br>Пед жет ойын:<br>**“Күз белгісі неде?**<br>Күзде жапырақтар… (сарғаяды)<br>Күзде күн … (суып, жаңбыр жауады)<br>Күзде құстар…(жылы жаққа ұшада)<br>Күзде түн…(ұзарады)<br>Күн…(қысқарады)<br>Күзде жеміс-жидек…(піседі)<br>Күзде жазғы демалыс бітіп… (оқу басталады) | Бұрыштарым жоқ менің,<br>Дөңгелекте емеспін,<br>Ұқсаймын мен денеге<br>Кім табады, бұл не? (Сопақша)<br>Үш төбесі бар көрінген<br>Үш бұрышы мен үш беті<br>Жауабын кім шешеді? (Үшбұрыш)<br>Әр жұмбақты шешекен сайын жауабы болатын геометриялық пішінді тақтаға іліп, балаларға сұрақтар қойылады.<br>-Сопақша, үшбұрыш туралы не білесіңдер?<br>-Дөңгелектен айырмашылығы?<br>-Сопақша, дөңгелек неге ұқсайды?<br>**Сергіту сәті**<br>Қорбаңдаған аюдың ,<br>Құлпынайы көп екен,<br>Терің , терің алайық ,<br>Қалтамызға салайық.<br>Құрлымдалған ойын:<br>**«Кім зейінді»**<br>Шарты:Үстел үстінде алма, алмұрт, шие, өрік, құлынай, және шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш, дөңгелектер араласып жатады.Заттарды зерттеп, екі топқа топтастыруды ұсыну.<br>**Қорытынды**<br>Білмеспекпен қоштасу.<br>Балаларды мадақтау.<br>Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау | келеді.<br>Балалармен амандасады.<br>Тапсырма алып келеді.<br>Ресурс арқылы топқа бөлу. (Жапырақтар арқылы 2 топқа бөлу)<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>1-топ. Сары жапырақтар<br>2-топ. Жасыл жапырақтар<br>**1-топ: Сары жапырақтар**<br>Құрлымдалған ойын: «Күздің ерекшеліктерін тауып бер»<br>Шарты: Суретте күз мезгіліне байланысты ерекшеліктерді тауып алып, үлкен суретке сызықша арқылы көрсет<br>**2- топ: Жасыл жапырақтар**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдер?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**2- тапсырма.**<br>**Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ шешу.<br>Сары жапырақтар тобына<br>1.Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ қашады. «жел»<br>2.Ағайынды бәрі<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары «жапырақ»<br>**2-тапсырма Жасыл жапырақтар тобына**<br>1.Аспаннан домалап,<br>Көп моншақ төгілді<br>Бусанып жон жонап,<br>Терледі, керілді. «жаңбыр»<br>2.Көзі жасты жылауық<br>Келе жатыр, бір алып,<br>Жабырқаса, жылайды,<br>Жадыраса құлайды. «Бұлт» | креативтілік дағды, жанама бақылау.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Оң қолымда бес саусақ (Саусақтарын қимылдатады).<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда<br>Болып шықты он саусақ.<br>Жеке көмек.<br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»<br>Балалардың жұмысын бағалау.<br>**Галереяны шарлау.**<br>Өз ара бағалау.<br>Балалардың жұмыстарын мадақтап қорытындылау.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Қимылының бағытын сақтап, доға астынан еңбектей алады. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен өрмелеуді біледі.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**1.Сәлемдесу.**<br>**2. Кіріспе**<br>**Шеңбермен жүру.**<br>Педагогтың артынан жүру,жүгіру.<br>Шеңберге тұру.<br>Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Көңілді смайктер беру.*<br><br>***2.Дене шынықтыру***<br>***Мақсаты:*** *. Қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіруді біледі. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалата алады*<br>***Ресурстар:*** *Доптар,*<br>*Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>***«Күн- түн»***<br>*1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз.*<br>***«Иілгіштер»***<br>*2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.*<br>***«Балапан қанатын қақты»***<br>*3. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру,*<br>***«Айнаны сүрту»*** | *Сыни ойлау, бала үні, блум таксономиясы.*<br>*Балаларды мадақтау*<br>*Балабақшаға оралу.*<br>***Қорытынды.***<br>***Сұрақтар ілмегі арқылы ұоқ аяқтау.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***3.Музыка***<br>***Тақырыбы: «Күз - жомарт», «Алтын күз»***<br>***Мақсаты:*** *Музыканы тыңдау, айту арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін біледі.*<br>***Ресурстар:*** *Күз мезгілі, жемістерге байланысты суреттер..*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы Балаларды А.Затаевичтің «Қазақ маршы» шығармасыменқарсы алу.***<br>*Шеңбермен жүруді,жүгіруді, жеңіл биырғақтарын үйрету.*<br>*«Күзгі орман» суретін балаларға көрсетіп, орманда қандайаңдардың мекендейтініңсұрайды.*<br>*- Өздерің білетінаңдардың қимылын* | ***2. Орыс тілі***<br>**Тема:**Осень<br>**Цель:**Расширить представление детей об особенностях осени.<br>Воспитывать любовь и заботу о природе.<br>*Ход занятия*<br>*Туча солнышко закрыла, вот и осень наступила.*<br>*Больше тёплых дней не жди, льют холодные дожди.*<br>*Взяли зонтики, на ножки натянули мы сапожки*<br>*И пошли в осенний лес, где полным-полно чудес*<br>***Работа с рисунками:***<br>*Какое время года на картинке?*<br>*Что делают дети?*<br>*Что у них в руках?*<br>*Расссказать детям про отличия осени.*<br>*Игра-тренинг:*<br>*Дети, представьте себе, что мы овощи на грядке (помидоры, огурцы и пр.),давно не было дождя и овощи завяли: сначала опустились головки, потом – листики, а потом согнулся весь стебелёк до земли.*<br>*Вдруг закапал дождик, и овощи начали оживать (дети повторяют упражнение в обратном* | ***Сергіту сәті.***<br>*Жаңбыр жауды,*<br>*Тық-тық-тық.*<br>*Сен көшеге шық-шық-шық.*<br>*Жел соғады гу-гу-гу,*<br>*Жапырақтар ұшты ду-ду-ду*<br>*Құйын тұрды ой-ой-ой*<br>*Билеп кетті жапырақтар.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, жанама бақылау, мазмұн арқылы саралау.*<br>***Пед жет ойын:***<br>***«Даналық ағашы » ойыны.***<br>*Шарты: Сұрақтарға жауап беру арқылы алмаларды себетке жинау.*<br>*Алтын күзбен қоштасу.*<br>*«Шапалақ әдісі» арқылы қорытындылау.*<br><br>***2.Музыка***<br>***3.Музыка***<br>***Тақырыбы: «Күз - жомарт», «Алтын күз»***<br>***Мақсаты:*** *Музыканы тыңдау, айту арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін біледі.*<br>***Ресурстар:*** *Күз мезгілі, жемістерге байланысты суреттер..*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы Балаларды А.Затаевичтің «Қазақ маршы» шығармасыменқарсы алу.***<br>*Шеңбермен жүруді,жүгіруді, жеңіл биырғақтарын үйрету.*<br>*«Күзгі орман» суретін балаларға көрсетіп, орманда қандайаңдардың* | *бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.*<br>***3.Жалпы даму жаттығулары.***<br>***Таяқшамен***<br>*-Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу(3-4 қайталау.) Б.қ .келу.*<br>*- Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау (3-4р) Б.қ.*<br>*- Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеудеңің тұсында. Отырып, тұру. Б:Қ*<br>*- Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Тыныс алу жаттығуы***<br>*Араның дыбысын салу. -з-з-з*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*«Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру»*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Үдеріс арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз.<br>**«Көбелек ұстау»**<br>5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау.<br>**«Серіппе»**<br>6. Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.<br>Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>4 к моделі, бала үні<br>Өнім арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1. қос аяқпен секіру.<br>2. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату<br>Блум таксономиясы<br>**Құрлымдалған қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»**<br>**Мақсаты:** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру..<br>Бақылау әдісі: «Жаппай бақылау<br>Қортынды<br>Балаларды мадақтау. | салыпкөрсетіңдерші.<br>- Балалар, бәріміз біргекүзгі орманға ат арбаға отырып барайықшы:<br>Атарбаға мінеміз,<br>Күзгі орманға келеміз.<br>Аңдарменен дос болып,<br>Саңырауқұлақ тереміз,<br>-<br>деп<br>балалардыотырғызады.<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.<br>**Музыка тыңдау:**<br>Музыка жетекшісі балаларды музыка тыңдауға отырғыза-ды, сипаттарын түсіндіреді.<br>**Пед жет ойын: «Жанрды ажырат»**ән тыңдап,жанрын ажыратуға үйретеді.<br>**1. «Сәби қуанышы»**<br>(Е.Құсайынов) – көңілдіырғақ.<br>**2. «Мерекелік марш»**<br>(Б.Дәлденбаев) - жігерлі.<br>3. **«Вальс»** (Қ. Шілдебаев)- сабырлы.<br>**«Баспалдақпен шығамыз»**<br>(Е. Тиличеева) жаттығуынжасату.<br>Сыни ойлау, бала үні, креативтілік дағды.<br>**Ән үйрену:**<br>**«Саңырауқұлақ тереміз»** | порядке)<br>Пальчиковая гимнастика:<br>Раз, два, три, четыре, пять! Вышли пальчики гулять!<br>Этот пальчик - гриб нашел, этот пальчик - чистить стал,<br>Этот - резал, этот – ел, ну, а этот лишь глядел!<br>Игра: «Собирать листья?»<br>**Итог:** Осенью какие праздники бывают?Какими цветами меняются листья?<br><br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Мақсаты:** . Қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіруді біледі. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалата алады<br>**Ресурстар:** Доптар,<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**«Күн- түн»**<br>1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға | мекендейтініңсұрайды.<br>- Өздерің білетінаңдардың қимылын салыпкөрсетіңдерші.<br>- Балалар, бәріміз біргекүзгі орманға ат арбаға отырып барайықшы:<br>Атарбаға мінеміз,<br>Күзгі орманға келеміз.<br>Аңдарменен дос болып,<br>Саңырауқұлақ тереміз, -<br>деп балалардыотырғызады.<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.<br>**Музыка тыңдау:**<br>Музыка жетекшісі балаларды музыка тыңдауға отырғыза-ды, сипаттарын түсіндіреді.<br>**Пед жет ойын: «Жанрды ажырат»**ән тыңдап,жанрын ажыратуға үйретеді.<br>**1. «Сәби қуанышы»**<br>(Е.Құсайынов) – көңілдіырғақ.<br>**2. «Мерекелік марш»**<br>(Б.Дәлденбаев) - жігерлі.<br>3. **«Вальс»** (Қ. Шілдебаев)- сабырлы.<br>**«Баспалдақпен шығамыз»**<br>(Е. Тиличеева) жаттығуынжасату.<br>Сыни ойлау, бала үні, креативтілік дағды.<br>**Ән үйрену:**<br>**«Саңырауқұлақ тереміз»**<br>(Г. Абдрахманова) әніүйретіледі.<br>Би: «Кел, билейік»<br>(Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). Би қимылдарын көрсетіп, («Ақжелкен» үнтаспасынан) жеңіл би ырғағын үйретеді.<br>Құрлымдалған қимылды ойын: | **5.Қимылды ойын:**<br>«Күн мен түн»<br>**Қортынды.**<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *(Г. Абдрахманова) әніүйретіледі.*<br>*Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). Би қимылдарын көрсетіп, («Ақжелкен» үнтаспасынан) жеңіл би ырғағын үйретеді.*<br>*Құрлымдалған қимылды ойын: «Қасқыр мен қояндар» қойылымын*<br>*(Ж. Бизенің «Кармен» шығармасына) үйретеді (би қимылдары үлгіде берілген). Балаларды орындарына отырғызып, текше арқылы жігерлі, көңілді, сабырлы сипаттарды ажырату ойынын ұсынады.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>*Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.* | *бұрып көзімізді ашамыз.*<br>***«Иілгіштер»***<br>*2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.*<br>***«Балапан қанатын қақты»***<br>*3. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру,*<br>***«Айнаны сүрту»***<br>*4. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз.*<br>***«Көбелек ұстау»***<br>*5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау.*<br>***«Серіппе»***<br>*6. Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.*<br>*Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** | *«Қасқыр мен қояндар» қойылымын*<br>*(Ж. Бизенің «Кармен» шығармасына) үйретеді (би қимылдары үлгіде берілген). Балаларды орындарына отырғызып, текше арқылы жігерлі, көңілді, сабырлы сипаттарды ажырату ойынын ұсынады.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>*Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *1. қос аяқпен секіру.*<br>*2. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату*<br>*Блум таксономиясы*<br>***Құрлымдалған қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру..*<br>*Бақылау әдісі: «Жаппай бақылау*<br>*Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.* | | |
| ***Серуенге дайындық*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Картотека № 22***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека № 21***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №20***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №22***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №23***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*<br>*Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | | | | |

Тексерілді

**ЦИКЛОГРАММА**
**І апта 1.11-5.11.2021ж**
**«Жұлдыздар» Ортаңғы тобы**

**Өтпелі тақырып Дені саудың – жаны сау**
**Тақырыпша. "Өзім туралы»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|

<table>
<tr><td>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу</td><td colspan="5">Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.<br>Ата-аналармен жұмыс:<br>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )</td><td>Картотека № 3<br>Құрылымдалған ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»<br>Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады.<br>4К моделі, бала үні.</td><td>Картотека №4<br>Құрылымдалған ойын: «Экологиялық бағдаршам»<br>Мақсаты: Балалар мақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы табиғат туралы түсінеді.<br>4К моделі, бала үні.</td><td>Картотека № 7<br>Құрылымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз»<br>Мақсаты: балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау дағдыларын түсінеді.</td><td>Картотека № 9<br>Құрылымдалған ойын: «Құстарға көмек береміз»<br>Мақсаты: Балалар құстар туралы суреттермен жұмыс жасап, өз ойларын айта алады.</td><td>Картотека № 10<br>Құрылымдалған ойын: Бақша да ма,бау да ма?<br>Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы олардың айырмашылық-тарын айта алады.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Әлеумет білім беру саласы картотекасынан</td></tr>
<tr><td>Таңертеңгі гимнастика</td><td colspan="5">Қараша айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.<br>Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету</td></tr>
<tr><td>Ойындар, ҰОҚ дайындық</td><td colspan="5">ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйы-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері</td><td>1Қоршаған ортамен танысу.<br>Тақырыбы: Мен табиғатты қорғаймын.<br>Мақсаты:Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасайды (ірі жапырақтарды сүрту, гүлдерді суару).<br>Ресурстар :қуыршақ,топ гүлдері<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>ҰОҚ жүргізілу барысы<br>Шаттық шеңбері:<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым</td><td>1.Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: Мен қандаймын?<br>Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйренеді.<br>Ресурстар: күз мезгілінің суреті, микрафон, АКТ<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>ҰОҚ жүргізілу барысы<br>Балалар бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Қазр жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілінің ерекшеліктерін сұрау?<br>Бала үні.<br>Пед жет ойын: «Мен</td><td>1.Математика негіздері<br>Тақырыбы:Оң жақ – сол жақта. Заттарды сәйкестендіру<br>Мақсаты:Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай біледі, заттарды солдан оңға қарай орналастыра алады.<br>Ресурстар: : қоян ойыншық, қызыл,көк, жасыл түстер,әр түрлі ойыншықтар<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>ҰОҚ жүргізілу барысы<br>Шаттық шеңбер<br>Е.Өтетілеуұлының «Көңілді балалар»</td><td>1.Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Мен табиғатты бақылай аламын.<br>Мақсаты: Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің , жаңбырдың дыбысын және жануарлардың дауыстарын ажырата біледі.<br>Ресурстар: АКТ технолог, дидактик материалдар.<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>ҰОҚ жүргізілу барысы<br>1.Шаттық шеңбер:<br>Армысың, шапағатты,</td><td>1.Сурет салу<br>Тақырыбы: Мен жасай аламын.<br>Мақсаты. Дөңгелек пішінді заттардың суретін салады. Түстерді үйлестіре білуге үйренеді.<br>Ресурстар: портрет, айна, бояу, қылқалам, қағаз, су, әр түрлі карандаштар.<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>ҰОҚ жүргізілу барысы<br>Шаттық шеңбері:<br>Бақшамызға барғанда</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Арайлап атқан күнге.<br>**Миға шабуыл:**<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Табиғатта қандай өзгерістер байқалады?<br>Бала үні.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Жұмбақ жасыру.<br>- Адамдардың бәрі қызығады, су құймасаң сәні бұзылады. Бұл не?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>Дұрыс. Жарайсыңдар, ендеше бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз.<br>**Тосын сәт.**<br>Айгүл қуыршақтың келуі. Балалармен амандасады. Балалар ,мен де үйіме гүл өсіргім келеді, бірақ мен күту, баптау ережелерін білмеймін.<br>Маған көмектесесіңдер ма?<br>Балалар Айгүлге топтағы гүлдер туралы айтып берейік.<br>-Балалар,гүлдер не үшін керек?<br>-Егер гүлдер жоқ болса не болар еді?<br>-Оларға күтім жасалмағанда не болар еді?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой дамыту.**<br>**1.Фикус гүлімен таныстыру** | қандаймын?»<br>**Жүргізілу барысы:**<br>-Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер.<br>-Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер.<br>-Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер.<br>-Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер.<br>-Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң қол соқ.<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс:**<br>**Пед жет ойын: «Темперамент»**<br><br>Шарты: АКТ арқылы төрт түрлі суретті бақылайды. Суретте әр түрлі темпераменттегі көріністер берілген. Балалар өздерінің түсініктері бойынша сипаттайды.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Микрафон әдісі**<br>«Менің жағымды – жағымсыз жақтарым»<br>Бала үні.<br>**Сергіту сәті.**<br>Бас, иық ,тізе, саусақ,<br>Бас , иық,тізе, саусақ, | Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз,<br>Біз талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>**Пед жет ойын: «Түстер мен заттар»**<br>Шарты: Балаларға доп лақтырып, бір түсті айтамын, допты алған бала сол түске сәйкес затты айту керек.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт**.Қоян келеді.<br>Амандасу.<br>Қоян балалар менің себетім де ойын тапсырмалар бар. Мен сендердің білімдеріңді көргім келеді.<br>Қоянмен ойын.<br>Суретпен жұмыс.<br>Құрлымдалған ойын: «Не қайда тұр»<br>Шарты: оң, сол ұғымын айыра білу.<br>-Менің сол жағымда не отыр?<br>-Менің оң жағымда қандай аң отыр?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой дамыту.**<br>Оң, сол ұғымдары туралы түсінік беру.<br>Мысалдар келтіру.<br>**Балаларды түстер бойынша топқа бөлу.**<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>1-топ қызыл түс<br>2- топ көк түс<br>3-топ жасыл түс. | Күн ана<br>Армысың қайырымды,<br>Аспан ана<br>Армысың мейірімді,<br>Жер ана<br>Армысың менің достарым.<br>Бала үні.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Телефон шырылдау.**<br>-Сәлеметсіздер ма? Мен Дымбілмеспін, маған көмек керек.<br>-Мен сендерге гүлдерді жібердім, бұл жай гүл емес, сиқырлы гүл, ішінде бірнеше маған қойылған сұрақтар бар мен сол сұрақтардың жауабын қанша ойлансамда таба алмай келемін, маған көмектесіңдерші балалар?<br>-Жарайды Дымбілмес<br>-Біздің балалар өз білгендерімен көмектеседі.<br>**Миға шабуыл.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Шарты: жасырған жұмбақты шешу.<br>1. Бір зат бар дүниеде құшағы кең<br>Ұшқан құс, жүйріген оқ бәріне тең<br>Адамзат, жан жануар соның арқасында<br>Мәңгілік өсіп өнеген. **(Жер)**<br>2. Таңмен көзін ашады<br>Әлем нұрын шашады**(Күн)**<br>-Балалар адамдар күннің жарығы және жылуынсыз | Жолыққан бар жандарға.<br>Ертемен ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң» деймін менБала үні.<br>**«Доп лақтыру әдісі»**<br>Жыл мезгілі,ай атын,апта күнін сұрау.<br>**Суретпен жұмыс**<br>Отбасы.<br>Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>- Бір сөзбен қалай атауға болады?<br>Бала үні.<br>**Қызық оқиға**.<br>Балалар, суретшілер айнаға қарап тұрып өз суреттерін өздері сала алады екен.<br>Оны **автопортрет** деп атайды екен.. Сөз естеріңде қалды ма? Қане, бәріміз қайталап айтайық (автопортрет). Ол нені білдіреді екен.<br>Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой дамыту.**<br>**Шығармашылық ортаға саяхат.**<br>Портреттерге назар аударайық.<br>Онда кімнің суреті салынған? (Ананың).<br>Балалар, анықтап қараңдаршы, автор анасын қандай көңіл- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Гүлінің түсі қызыл, хош иісті болып келеді екен.<br>Фикус гүлі өте әдемі, бөлмемізді әдемі етіп тұрады. Жапырағын ұстап, жылтыр, тегіс екенін айту.<br>**2.Алоэ гүлімен таныстыру**<br>Алоэның емдік қасиеті бар, дәрі-дәрмек. Егерде, жүгіріп бара жатып, жарақат алған жағдайда осы алоэ кескінін кесіп алып, жарақат алған жерге тигізіп бір-аз уақыт ұстап тұрсақ жазылады екен. Міне, өсімдіктердің осындай адамға деген пайдасы бар екен.<br>Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні.**Құрлымдалған ойын: «Гүл отырғызамыз»**<br><br>Шарты: Гүлді күту ережелерін көрстету,түсіндіру.<br>Үдеріс арқылы саралау, блум таксономиясы, Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Сергіту сәті**.<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап демалам,<br>Қанатты бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>Бала үні.<br>**Қорытынды.** | Саусақ, саусақ,саусақ.<br>(саусақпен сартылдату)<br>Бас, иық ,тізе, саусақ,<br>Бас , иық,тізе, саусақ,<br>Көз ,мұрын ,көз , мұрын,<br>Құлақ, ерін, құлақ, ерін,<br>(Жылдамдатып тез тез қайталау)<br>Қортынды.<br>Алдарына берілген смайликтерге бүгінгі көңіл-күйлерін бейнелету.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Шынықкан шымыр баламыз»**<br>**Мақсаты:** Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажыратуды біледі.<br>Ресурстар: : дидактик материалдар<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Проблемалық сұрақ:** Дене шынықтырумен айналысу балаларға не береді?<br>Мынандай тұжырым жасалады: дене шынықтыру балаларды мықты, дені сау, төзімді, күшті етеді. Біз денсаулықты шыңдау шынығуға байланысты екенін жақсы білеміз.<br>Жорықтарға шығу, жол жүру – бәрі денсаулыққа пайдалы. | Әр топқа тапсырма беру.<br>Тапсырма шарты: шашылып жатырған ойыншықтарды түстеріне қарай сөрелерге орналастыру (жоғарыға қызыл ойыншықтар,ортасына жасыл ойыншықтар, астына көк түсті ойыншықтар)<br>Балаларды жоғарыда, төменде, ортасында, сол жақта, оң жақта, арасында деген сөздерді қолдануға үйрету.<br>Мазмұн арқылы саралау,блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні, жанама бақылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>Әр топқа көңілді смайлктер беру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал, балалар тұрайық.<br>Үлкен шеңбер құрайық,<br>Алақанды соғайық.<br>Оң жақтағы балаға,<br>Шапалақты соғайық.<br>Сол жақтағы балаға,<br>Шапалақты соғайық.<br>Жоғары төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Пед жет ойын:<br>«Жасырынбақ» ойыны.<br>Әр топ қарама қарыс топқа заттың атын айтпай, оның қай жерде тұрғанын және белгілі бір қасиетін айтып жасырады . Қарсы топ оның қандай зат екенін табады.<br>Дұрыс жауап береген топқа | өмір сүре алама?<br>-Ал жануарлар мен өсімдіктер ше?<br>-Әрине жоқ жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне сәуле, жарық,жылу өте қажет балалар.<br>3. Дәміде жоқ, түсіде жоқ<br>Пайдаланбас кісіде жоқ.**Су**<br>4. Бір нәрсе жермен көктің арасында<br>Көрмейді өзі түгіл қарасыда<br>Білінбей жер бетінде жүрсе дағы<br>Пайдалы адамзаттың баласына **(ауа)**<br>Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой қозғау. АҚТ технол**<br>Табиғат құбылыстары туралы Видео ролик көрсету.<br>Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы түсіндіру.<br>Табиғат туралы түсінік беру.<br>(жер,су,ауа,өсімдіктер,құстар,жануарлар т.б.)<br>-Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру.<br>Табиғат нешеге бөлінеді?<br>Күн неге жарқырайды?<br>Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады?<br>Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет? | күйде бейнелепті? Сурет салу кезінде автордың көңіл-күйі қандай болды екен? Автор өз еңбегін жасау барысында қандай заттарды пайдаланыпты?<br>Бұл суретке қандай ат ойлап табуға болады?<br>Блум таксономиясы, өнім арқылы саралау, бала үні.<br>**Құрлымдалған ойын: «Менің портретім!»**<br>Мен сендерге айнаға қарап тұрып өз суреттеріңді салуды ұсынамын. Сонда келесі көрмемізде сендердің жұмыстарыңды тамашалайтын боламыз.<br>Жанама бақылау, креативтілік, бала үні.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>**«Достық» жаттығуы**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос<br>( қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз ( екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)Бала үні.<br>Пед жет ойын: «Көрме» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айгүл балаларға рахмет айтып қоштасады.<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br>-Қонаққа кім келді?<br>-Айгүлді қандай бөлме гүлдерімен таныстырдық?<br>-Бөлме гүлдерін қалай күтеміз?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>Жақсы жауап берген балаларға жұлдызша беру<br><br>**2. Дене шынықтыру.**<br>**Мақсаты:** . Қимылының бағытын сақтап, доға астынан еңбектей алады. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен өрмелеуді біледі.<br>Ресурстар: : Гимнасти-калық қабырға, доға.<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. командада жұмыс жасау,<br>Тікелей бақылау.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.** .<br>**Балалармен амандасу**<br>Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру.<br>«Орман аңдары»<br>1. «Аю»<br>Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.<br>2. «Түлкі»<br>Қолды жанға ұстап, (құланып) бір сызықпен жүру. | Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы. Бала үні.<br>**Музыка тыңдау:** «Жол жыры» (муз К. Қуатбаев, сөзі Ә. Дүйсенбиев). Әнді тыңдап, не туралы айтылғанын әңгімелеу. Музыканың көңіл күйін ажырату, қандай екпінде орындалғанына көңіл аудару.<br>Сыни ойлау, бала үні<br>**Ән айту:** «Ел қорғауға әзірміз» (муз. К. Қуатбаев, сөзі М. Әлімбаев). Педагог әнді орындап, балалармен сұхбат жүргізеді. Ел қорғау үшін алдымен шыныққан шымыр болуы тиіс. Балалардың сұрақ-жауап арқылы ойларын ортаға салуға, іркілмей жауап берулеріне мүмкіндік жасау. Әнді орындау кезінде тыныс алу жағына көңіл бөлу.<br>Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, креативтілік.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Таңертеңгі жаттығу» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов), «Қара жорға» халық әуені. Шынығуды таңертеңгі жаттығудан бастау керек. | смайлк беру.<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.<br>**Қорытынды.**<br>Қоян балаларды мадақтап, рахмет айтып қоштасады<br>Балаларға сұрақ қою арқылы қорытындылау.<br>-Қандай тапсырмаларды орындадық?<br>-Қандай ойын ойнадық?<br>Бала үні.<br>Белсене қатысқан балаларды мақтау<br>Әр топтың смайлктерін салыстырып,мадақтау<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Мен кіммін?<br>**Мақсаты:** Өзі туралы қарапайым түсініктері қалыптасады; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген дербестігі нығаяды.<br>Ресурстар: : Адам суреті, қиылған суреттер.<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>«Арайлап таң атты»<br>Арайлап таң атты,<br>Күн шуағын шашты.<br>Сәлем күн, сәлем жер<br>Сәлем достар<br>Бәріміз бірге болайық.<br>Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.Бала үні. | Үдеріс арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой дамыту**<br>**Сурет бойынша әңгіме құрастыру.** Слайд көрсету.<br><br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен болып өседі.<br>Құрлымдалған ойын: «Топтастыр»<br>Шарты: Тірі және өлі табиғат заттарын сурет арқылы топтастырып жинау.<br>**Қорытынды.**<br>Пед жет ойын: «Шатастырма»<br>1. Көктемде қар жауады.<br>2. Қазір жаз мезгілі?<br>3. Көктемде қар ериді?<br>4Қыста жапырақтар сарғаяды?<br>5. Жыл мезгілдері: қыс,көктем,жаз,күз.<br>6.Жаз ең суық жыл мезгілі<br>7.Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді?<br>8.Жазда балалар оқиды?<br>Сыни ойлау, өнім арқылы | Шарты: салған суреттерді бағалау, пікір айту.<br>**Галереяны шарлау әдісі.**<br>Бас бармақ әдісі арқылы бірін бірі бағалау.<br>**Қорытынды.**<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүреді және жүгіреді. Допты лақтырады және қағып алады.<br>Ресурстар: : Көлбеу тақтай, доптар<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Сапқа тұру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап тізені шапалақтай жүгіру<br>Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру.өкшемен жүру. тізені бүгіп жүру. Сапқа тұру. 4 колонна тұру.<br>**Жалпы даму жаттығулары:**<br>**1.«Торғай ұшты»**<br>Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. «Көжек»<br>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.<br>4. «Қасқыр»<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.<br>**3.Жалпы даму жаттығулары:**<br>(Доптармен).<br>1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде.<br>Допты алға созу.<br>Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. келу.<br>2.Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алшақ, қол төменде.<br>Допты алға созу.Отыру, тұру.Б. қ. келу<br>3. Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, доп кеуде тұсында.<br>Допты алға созу.<br>Еңкею, допты тізеге тигізу.<br>Б. қ. келу.<br>4. Қос аяқпен секіру.<br>Б. қ. келу.<br>Тыныс алу жаттығулары: «Алақандағы допты үрлеу».<br>4 к моделі, бала үні<br>Өнім арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1 Гимнастикалық қабырға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу.<br>2.Доға астынана еңбектеп өту.<br>Мазмұн арқылы саралау | Сонда күні бойы сергек жүресіңдер. «Қара жорға» әуеніне қимылдар жасап көрсету.<br>Сыни ойлау, бала үні, креативтілік.<br>**Қортынды**<br>Әнде не туралы айтылған? Мазмұнын әңгімеле.<br>Әуені, екпіні қандай?<br>Балаларды мадақтау. | **Миға шабул**<br>Пед жет ойын:<br>«Кім жылдам?»<br>**Жұмбақ.**<br>Жер бетінде ең ақылды, ең күшті кім? (Адам)<br>**Ой қозғау.**<br>**АКТ технол жұмыс.**<br>Кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>Адамдар не үшін еңбек етеді?<br>Еңбек дегеніміз не?<br>Еңбек ету үшін қандай болу керек?<br>Үдеріс арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні, сыни ойлау.<br>Пед ойын: «Өз досыңды таны»<br>Шарты: балаларға бір-біріне қарап қандай айырмашылықтарын және ұқсастықтарын бар екенін айтуды ұсынады. Балалар шашыңның түсі, көзі, мұрын пішіні, бойы, түсі жағынынан айырмашылықтарын бар екенін айтады<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір торып,<br>Біз бір дем алайық.<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>**«Адам денесін құрастыр.»**<br>Шарты: Қиылған денені өз еркімен құрастырады.<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы | саралу, бала үні.<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Менің мәшиналарым<br>**Мақсаты:**Балалар геометриялық фигураларды дұрыс қия отырып, ретімен орналастыра алады.<br>**Ресурстар: :** машина суреті, желім, түрлі-түсті қағаздар.<br>Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**. Шаттық шеңбері.**<br>"Бала,бала,баламыз"<br>Е.Өтетілеуұлы.<br>Бала,бала,баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамызда қаламыз!<br>Бала үні.**Қызығушылықтырын ояту.**<br>Пед жет ойын:<br>“Ненің дыуысы?”<br>Шарты: Қандай көліктің дыбысы екенін ажырату.<br>**Қиылған суреттерді құрастыру арқылы топқа бөлу.**<br>1-Топ жүк көлігі<br>2- Топ автобус<br>3-Топ жеңіл мәшина<br>**Жұмыс жасаудың әдіс –** | басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру **2.«Баспалдақ»**<br>Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, 1- 2 қолды белге қоямыз, 3-4 иыққа ,5-6 жоғары созамыз, 7-8 – шапалақтаймыз.<br>Керісінше қайталаймыз. 5-6 р<br>**3. «Арқан созу»**<br>Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- оң қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созу. 3-4 қимылды керісінше жасау.<br>/6 рет қайталау/<br>**4. «Гүлдің ашылуы»**<br>Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет қайталау.)<br>**5. «Тырна»**<br>Аяқтарын біріктіру. Оң аяқты бүгіп, орнында секіру. Сол аяқты /10-15секунд/<br>**Тыныс алу жаттығулары:** мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан демді шығарады.<br>Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тек жақсылық ойлайды.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Доп лақтыру арқылы жыл мезгілін,ай атын,апта күнін сұрау.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой қозғау.**<br>АКТ технологиясы<br>Балалар назарын слайдқа аудару<br>Сұрақ жауап.<br>Балалар, қандай пішіндерді көріп тұрсындар?<br>Дөңгелек түсі қандай?<br>Дөңгелек неге ұқсайды?<br>Ал, Үшбұрыш түсі қандай?<br>Үшбұрыштің бұрыштары нешеу?<br>Үшбұрыш неге ұқсайды?<br>Ал, мынау қандай пішін?<br>Шаршының түсі қандай?<br>Шаршы неге ұқсайды?<br>Балалар мынау пішіндерден не құрастыруға болады?<br>Сыни ойлау, комуникативтілік дағды,жанама бақылау.<br>**Ой дамыту.**<br>Суретпен жұмыс<br>Үлкен,кіші үйлер.<br>Балаларға әңгімелету.<br>Үлкен кіші үйлерді салыстырады.<br>Құрлымдалған ойын. «Мен құрлысшымын»<br>2 топқа бөлініп үлкен үй және кіші үй құрастырады.<br>Өз бетінше жұмыс<br>**Сергіту сәті:**<br>Саусағым, қайда болдың?<br>Балалармен не істедің?<br>– Бір баламен жүгірдім,<br>Бір баламен биледім,<br>Бір баламен қыдырдым, | **ҰОҚ жүргізілу барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді боп жүрейік.<br>Балалар жылдың қай мезгілі?<br>– Ауа райы қандай?<br>– Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>-Есік қағылып ішке пошташы кірді<br>-Саламатсыздар ма, балалар. Сендерге Айгүл достарыңыз хат беріп жіберді.<br>-Хаттың ішін ашып оқимыз.<br>Балалар мен сендерге мына жұмбақтарды жібердім шешуін білмей жатырмын маған көмектесіңдерші?<br>-Балалар жұмбақты шешіп көмектесеміз ба?<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ**<br>1.Тәп-тәтті тағамы<br>Астардың маманы.<br>(Аспазшы)<br>2.Кірпіштен үй салады,<br>Ол адам кім болады?<br>(Құрлысшы)<br>3. Мектептің жүрегі,<br>Білімнің тірегі. | Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек.<br>Көңілді болып жүрейік!<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Тақтадағы суреттерге назар аударту.<br>Пед жет ойын: «Жануарларды ата»<br>Шарты: Жануарларды оңнан солға қарай атау, солдан оңға қарай атау.<br>Сыни ойлау, бала үні, командада жұмыс.<br>Құрлымдалған ойын: «Ағаштағы алма»<br>Шарты: Берілген ағаш суретінің оң жағына қызыл алма суретін салу,ал сол жағына сары алма суретін салу.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал, балалар тұрайық.<br>Үлкен шеңбер құрайық,<br>Алақанды соғайық.<br>Оң жақтағы балаға,<br>Шапалақты соғайық.<br>Сол жақтағы балаға,<br>Шапалақты соғайық.<br>Жоғары төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**Ой қозғау.**<br>Құрлымдалған ойын: «Жол картасын бейнеле»<br>**Шарты:** Берілген заттарды ретімен қоя білу.<br>Мыс: Күн, ағаш, құс, шөп, бұлт, т.б.<br>4К моделі, бала үні.<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы | сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз.<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту**.<br>Пед жет ойын: «Кім жылдам?»<br>Жұмбақ жасыру<br>Дәміде жоқ,түсі жоқ,<br>Пайдаланбас кісі жоқ.<br>**(су)**<br>Сұрақ –жауап.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>1. **Ой дамыту.**<br>2. **АКТ технологиясы.**<br>**-**Су туралы түсінік беру.<br>-Сұрақ-жауап.<br>-Судың қандай пайдасы бар?<br>-Судың қасиеттері қандай?<br>- Адамдар суды не үшін пайдаланады? (ішеді, жуынады)<br>- Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер)<br>Су аға ма? Неліктен?<br>Өйткені ол сұйық.<br>Үдеріс арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.<br>3. **Сергіту сәті.**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Мойнымызды бұрайық.<br>Қолымызды созайық,<br>Су ішінде қалықтап,<br>Қәне, жүзін алайық,<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>Оқу ортасы арқылы | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>Тосын сәт.<br>Айгерім қуыршақ келеді.<br>Балалардан көмек сұрайды.<br>Туған күнге баруға әдемі көйлек керек дейді.<br>**Ой қозғау**.<br>Көйлекті кім тігеді ?<br>Көйлекті неден тігеді ?<br>Қандай көйлектер болады ?<br>Тігінші мамандығымен таныстыру.<br>Қанекей балалар Айгерімнің көйлегін сәндеп әшекейлеп беру керек.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Балаларға көйлекті сәндеу үлгісін көрету, түсіндіру.**<br>Алдымызда тұрған мақталы таяқшаны пайдаланып көйлекті сәндеп нүктелер түсіреміз , картоппен көйлек етегіне мөр басу арқылы таңба түсіреміз көйлегіміз сәнді әдемі көйлек болады<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Күн шықты саусақтар оянайық ,<br>Ұйқыдан тұр бас бармақ<br>Ұйқыдан тұр балан үйрек<br>Ұйқыдан тұр ортан терек<br>Ұйқыдан тұр шылдыр шүмек<br>Ұйқыдан тұр кішкентай бөбек<br>Сәлем алақан .<br>Пед жет ойын: «Көйлектің түстерін ата»<br>Шарты: Көйлектердің түстерін атау, сурет салуға түс таңдау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір баламен ойнадым,<br>Бір баламен секірдім,<br>Достарымды жинаймын,<br>Ойынды бастаймын!<br>Пед жет ойын:<br>«Үйде қандай пішін бар»<br>Шарты: Құрастырған үйдегі пішіндерді атау.<br>2 топтың жұмысын бағалап,мадақтау.<br>Қорытынды.<br>Өз ара бағалау.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүреді. Допты бір-біріне төменнен лақтырады,<br>доғаның астынан еңбектей алады.<br>**I.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру<br>Жаппай бақылау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>1.Б.қ.к.аяқ бірге,қол төменде,қолды алға,жоғары,жанына,төмен түсіру.5-6 рет<br>2.Б.қ.к.аяқ бірге,қол төменде қолдарын екі жанынан жоғары көтеріп,айқастырып,төмен түсіру (5-6 рет)<br>3.Б.қк.аяқ алшақ,қол белде оң | (Мұғалім)<br>4. Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты. (Дәрігер)<br>Балаларды мадақтау.<br>Сыни ойлау, бала үні<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**Мамандық түрлерімен таныстыру.<br>Балалар, мына суреттерде кімдердің суреттерін көріп отырсыңдар?<br>-Олар не істейді ?<br>4К моделі, бала үні<br>Пед жет ойын.<br>«Сен өскенде кім болғың келеді?»<br>Әр бала өз ойын айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Соз қолыңды оң жаққа,<br>Соз қолыңды сол жаққа.<br>Қолды айналдыр бұлданбай<br>Шеңбер жасап тұрғандай<br>Құрлымдалған ойын: «Кімге не керек?»<br>**Шарты:** Әр мамандықтың құралдарын ретімен жинау.<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.<br>**Қорытынды**<br>Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқан | бекіту.<br><br><br>**2.Орыс тілі**<br>**Тема:** Одежда. Обувь<br>**Цель:**Расширить представление детей об одежде и обуви. Делит одежды и обуви по временом года. Уметь распределить одежды мальчиков и девочек. Воспитывать детей ухаживать одежду, и быть аккуратном.<br>Здравствуй, солнце золотое,<br>Здравствуй небо голубое,<br>Здравствуйте,мои друзья,<br>Всех вас рада видить я.<br>Работа с рисунками:<br>-Что вы видите в рисунках?<br>-Правильно. Это одежды и обуви. Они бывают разными. Тонкие и теплые, летние, осенние, зимные, весенние.<br>Показываю одежды и обуви, которые дети сами одевают. Мальчики про свой одежды и обуви рассказывают. Девочки про свой одежды рассказывают.<br>**Дид/игра**: «Кукле что не хватает?»<br>Цель: запоминать про | саралау.<br>**Тәжірибе жасау**<br>**1-топ. Сүт пен суға тәжірибе**<br>Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейтінін бақылайды. **"Су - мөлдір"**<br>**2- топ. Бояулармен.**<br>Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс пайда болғанын бақылау. **"Су - түссіз"**<br>**3 - топ. Су және ванилин**<br>**Ягни:"Судың иісі жоқ"**<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс, бала үні.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ-жауап**<br>**Балалардың жауабы.**<br><br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы:«Ардақты ұстазым»**<br>**Мақсаты:**Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>**Ресурстар:**<br>Тақырыптық материалдар<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау, блум таксономиясы. | Балалардың өз бетінше жұмысы<br>Бақылау жеке көмек.<br>Жәй музыка қосып қою.<br>Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»<br>Шарты: Жасаған жұмысьтарынан көрме ұйымдастыру. Жұмыстарын аяқтаған балалар өз жұмыстарын қуыршаққа сыйлайды .<br>Қуыршақ Айгерім барлық балаларға рахметін айтып қоштасады.<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br><br>**2.Дене шынықтыруМақсаты:** Орнынан биіктікке секіруге үйренеді. Кедір-бұдыр тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүре алады.<br>Ресурстар: пішіндер, құрылыс материалдары<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бақылау, саралау,<br>**I.Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен көрсетілген бағыт бойынша бірінен кейін бірі жүру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.<br>Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол жанда, өкшемен жүру.<br>Шеңбер бойымен еркін жүру.<br>1 сапқа тұру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаққа қозғалғанда оң қолды көтеру,сол жаққа қозғалғанда сол қолды көтеру,екі жаққа да 3 реттен<br>4.Б.қ.к аяқ алшақ,қол алда қолды кезек-кезек айқастыру ( 5-6 рет)<br>5.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде қолды созып отырып тұру.<br>6.Б.қ.к аяқ бірге,қол кеудеде екі аяқтап секіру (14-16 сек)<br>**Тыныс алу жаттығу**<br>(Жел уілдейді у-у-у,маса ызыңдайды з-з-з,әтеш шақырады ку-ка-ре-ку.)<br>4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1. Допты бір-біріне төменнен лақтыру.<br>2.Доғаның астынан еңбектеу<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командамен жұмыс, жаппай бақылау.<br>**Қимылды ойын:**<br>« Аюлар мен аралар »<br>Ойын мазмұны: Омарта алаңның бір жағында болады. Бір шетте аюдың, араның үңгірі.<br>Ойыншылар тең емес екі топқа бөлінеді. Көпшілігі бал аралары. Белгі бойынша аралар омартадан ұшып шығып бал іздеп, шалғынға қарай ұшады. Олар ұшып кетісімен аюлар омартаға жармасып бал жейді.<br>Тәрбиеші: « Аюлар!»-дегенде аралар омартаға қарай ұшады, ал аюлар үңгіріне қашады. Үлгере алмаған аюды | балаларды мадақтау<br><br>**3.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біз өнерпаз баламыз»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырата алады.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Ресурстар:**<br>Тақырыптық материалдар<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау, блум таксономиясы.<br>**Музыкалық сәлемдесу.**<br>«Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу).<br>«Ән салған кім?» ойынын ұсыну. Ортаға көзі жұмулы бала тұрады. Кез келген бала ортадағы баланың атын әндете айтады. Ортадағы бала тапса, әнші баламен орын алмастырады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>«Өнерпаз бала» тақырыбына әңгімелесу. Суреттер | одежду и обуви. Какие одежду надо одевать кукле?<br>Физ. Минутка:<br>Под музыкой «У жирафа пятно-пятнышке везде»<br>Итог: Рассмотри картинку и скажи,что здесь<br><br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Мақсаты:** Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүреді және жүгіреді. Допты бір-біріне лақтырып, қағып алады.<br>Ресурстар: Көлбеу тақтай, доп.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бақылау, саралау,<br>**Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру<br>**Негізгі бөлім:**<br>1.Допты жоғары лақтыру<br>2.Шеңберден шеңберге аттау.<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>1. Б. қ. – аяқты алшақ қойып, қолды төменде, | **ҰОҚ жүргізілу барысы.**<br>**Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлем! Привет!» (әндете амандасу)<br>**Музыка тыңдау:** «Ұстаз – ол» (муз. Д. Қиқымов, сөзі Ғ. Орманов). «Салауат» (муз. мен сөзі М. Оразалиева). Әнді тыңдап, сипатын, көңіл күйін ажырату. Ән мазмұнын әңгімелеуді ұсыну.<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Ән айту:** «Мұғалім» (муз. Қ. Сақай, сөзі Н. Жанаев). Ардақты мұғалім, Білімің – бұлағым.<br>Таусылмас сен жайлы Тасқынды жыр әнім. (А. Шаяхметов)<br>– Педагог сендерге қандай көмек көрсетеді?<br>Ержеткенде кім боласың? Әннің композиторы туралы айтып, мамандығы жөнінде әңгімелеу.<br>Әнді таза, әуенімен айтуға дағдыландыру.<br>Әннің қарқыны, сипаты туралы | Саптан 4 лекке (колонна) тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау<br>Жаппай бақылау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**Б.қ.: «Келісу»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Басты жоғары-төмен бұру, «иә-иә» сөзін айту. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Робот»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, қолдары жанда. Қолдарын алдыға –артқа сермеу және аяқтарын түзу ұстап бір орында жүру. /6 рет қайталау. /<br>**Б.қ.: «Қақпа »**<br>**3.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Белді оңнан - солға, солдан - оңға қарай бұру. /6 рет қайталау./<br>**Б. қ.: «Жіп орағыш»**<br>**4.** Тік тұрады, аяқты сәл бүгіп, қолды тізеге тигізеді, тізені жан - жаққа айналдырады. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Балапан су ішті»**<br>**5.** Аяқтарын біріктіріп ұстайды. Қолды жанға қойып алақанды жайып, балаланның қанатын жасайды. 1- алдыға еңкейеді, 2- б.қ. 3- алақанды шапалақтайды. 4- б.қ. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Бақа»**<br>**6.** Аяқтары алшақ қойылған, тізені бүгіп, қолды тізе үстіне қойып орнында «бақа» сияқты секіру. /8 рет секіру. / |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *аралар шағып алады. Ара шаққан аюлар келесі ойынға қатыспайды.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Қортынды***<br>*Балаларды мадақтау.* | *көрсету.*<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы***<br>***Музыка тыңдау:***<br>*«Ақжайнақ» халық әні. (балалар ән жинағынан)*<br>*Әнді тыңдап, сипатын анықтайды, ән көңілді ма, әлде көңілсіз бе? Ән туралы әңгімелейді, қарапайым пікірлерін ортаға салады.*<br>*– Отбасыңда халық әнін орындайтын өнерпаз бар ма?*<br>*Сұрақтар қою арқылы сөздік қорларының жетілуіне әсер ету.*<br>*Мазмұн арқыы саралау, Блум таксономиясы.*<br>***(Т, Ж) Дауыс жаттығулары:** «Күзгі жел», «Әдемі ән».*<br>*Тыныс алу ережелері дұрыс жасалуын қадағалау.*<br>***(Т, Ж) Ән айту:** «Жан сырым» (муз. Е. Өміров, сөзі Х. Талғаров).*<br>*Әнді сезімталдықпен орындау.*<br>*Мәтінін түсіндіріп, балалардың қызығушылығын ояту.*<br>*Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады.*<br>*– Әннің сипаты қандай?* | *1 - қолды алға созамыз.*<br>*2 - қолды жоғары көтереміз.*<br>*3 - бірінші қалыпқа келеміз. (3 - 4 рет)*<br>*3. Б. қ. – аяқты алшақ, қолды белге қойып, «Сағаттың тілі»*<br>*1 - оңға иілеміз*<br>*2 - солға иілеміз*<br>*Бірнеше рет қайталаймыз. (5 - 6 рет)*<br>*4. Б. қ. – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4 - 5 рет)*<br>*5. «Қарлығаш» болып ұшамыз*<br>*6. «Қоян» сияқты секіреміз.*<br>*7. Жай жүру, дем алу.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүру.*<br>*2.Допты бір-біріне лақтырып, қағып алу.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командамен жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қимылды ойын:***<br>***Торғайлар мен автомобиль»***<br>***Мақсаты:** балалардың зейінің дамыту, шапшандыққа үйрету.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Қортынды**Балаларды мадақтау.* | *сұралады.*<br>*Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Қортынды.***<br>*Ұстаз деген кім?*<br>*Ұстаздың қызметі туралы әңгімеле.*<br>*Сүйікті ұстазыңа не сыйлар едің?*<br>*Ұстазыңа арнаған гүл шоғының суретін көрсет.* | ***Қорытынды:***<br>*4 лектен (колонна) 1 саппен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*шәйнектік дыбысын салу. Терең тыныс алып, демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Орнынан биіктікке секіру*<br>*1. Кедір-бұдыр тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командамен жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қимылды ойын:***<br>***Қоңырау қайдан естіледі?***<br>*Мақсаты: Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау*<br>***Қортынды:***<br>*Балаларды мадақтау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | – Ән не туралы айтылған?<br>Блум таксономиясы<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.<br>***ҰОҚ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.***<br>– Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң, шапалақта қолыңды, жоғары соз мойныңды, қолыңды бұлға жоғары. | | | |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 12***<br>***Қырауды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 8***<br>***Мұзды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 17***<br>***Қар аралас жаңбырды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 16***<br>***Күнді бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 19***<br>***Мұздақты бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| **Балалар-дың үйге қайтуы** | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде, балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу. Баланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* | | | | |

Тексерілді

***ЦИКЛОГРАММА***
***І апта 28.02-4.03.2022ж***
***«Жұлдыздар» ортаңғы тобы***

***Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»***
***Тақырыпша. «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»***

| ***Күн*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***тәртібі*** | | | | | |
| ***Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу*** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| ***Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )*** | ***Картотека № 2***<br>*Құрылымдалған ойын: «Жапырақты ажырат»*<br>*Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба біледі.*<br>*4К моделі, бала үні.* | ***Картотека № 4***<br>*Құрылымдалған ойын: «Затты сипаттау»*<br>***Мақсаты:*** *Заттарды көріп сипаттау арқылы өз ойын айта алады.*<br>*4К моделі, бала үні.* | ***Картотека № 5***<br>*Құрылымдалған ойын: «Не қайда өседі»*<br>***Мақсаты:****Балалар өсімдіктер туралы түсіне отырып, заттар арасындағы кеңістік байланыс-тарын анықтау арқылы өсімдік-терді өсу орнына қарай топтастыра алады.*<br>*4К моделі, бала үні.* | ***Картотека № 7***<br>*Құрылымдалған ойын: «Табиғат құбылыстарын ата»*<br>*Мақсаты: табиғат Құбылыстарын ажырата алады.*<br>*4К моделі, бала үні.* | ***Картотека № 9***<br>*«Бұл қандай құс?» Құрылымдалған ойын:*<br>*Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуді, оларды ажырата біледі.*<br>*4К моделі, бала үні.* |
| | ***Таным білім беру саласы картотекасынан*** | | | | |
| ***Таңертеңгі гимнастика*** | ***Наурыз айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген***<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Жарық болса күніміз.***<br>***Жарқын шығар үніміз.***<br>***Елін сүйін ержетер***<br>***Біз болашақ гүліміз!*** | | | | |
| ***Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері*** | ***1.Қоршаған ортамен танысу.***<br>***Тақырыбы:*** *Әдемі қазақ үй*<br>***Мақсаты****:Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен және тұрмыстық заттармен танысады.*<br>*Ресурстар: АҚТ технологиясы, киіз үй суреті*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Арайлап таң атты,* | *1.****Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *Қонақ күту.*<br>***Мақсаты****: Қазақтың қонақжайлылық дәстүрімен танысады.*<br>*Ресурстар: АҚТ технологиясы, тақырып бойынша көрнекіліктер.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Сұрақ жауап***<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Көктем мезгілі неше ай бар?* | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:****Ұзын – қысқа. Біркелкі заттар*<br>***Мақсаты:*** *Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы бойынша салыстыра білуге үйренеді.*<br>*Ресурстар: қуыршақ, тақырыпқа сай суреттер, көк, қызыл карандаштар*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер*** | *1.****Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Жабайы аңдар*<br>***Мақсаты:*** *Жабайы аңдар мен Қазақстанның жер аумағында тіршілік ететін аңдар туралы түсінеді.*<br>*Ресурстар: АКТ,жабайы ажануарлар суреті*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбері:*** | *1.****Сурет салу***<br>***Тақырыбы:*** *Кілемшені әшекейлейік*<br>***Мақсаты:*** *Өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементерімен әшекейлей біледі.*<br>*Ресурстар: бояу, қылқалам, ақ қағаз, ирек ою үлгісі*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>*Психологиялық сәт* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алтын сәуле таратты.<br>Тәрбиелі баламыз,<br>Амандасып аламыз.<br>**Ой шақыру.**<br>−Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?(көктем)<br>-көктем мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>Көктемде қандай мейрам болады?<br>Наурыз мерекесінде қандай мейрам болады?<br>Балалар олай болса киіз үйдің суретін<br>Тамашалайық.<br>**АКТ технологиясы.** Слайд.<br>Киіз үйдің суретін көрсетіп, таныстыру.<br>Неліктен «Киіз үй» деп аталатынын түсіндіру. Киз үйдің бөліктерімен таныстыру.<br>Мазмұн арқылы саралу, Блум таксономиясы, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Дөңгеленіп тұрайық,<br>Керегені қарайық<br>Уық болып иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Киіз үйді құрайық.<br>Пед жет ойын: «Бөлігін ата»<br>Шарты: киіз үй бөлігін атау.<br>**Тосын сәт.**<br>Айсұлу қонаққа келеді.<br>Айсұлу:Балалар көктем болса келіп қалды,Наурыз мейрамы жақындап қалды. Маған киіз үй керек еді,киіз үй құрап беруге көмек  сұрай келдім. | Көктемде қандай өзгерістер болады?<br>Наурызда қандай мерекені тойлаймыз?<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды.<br>**Өлең оқу.**<br>**Наурыз тойы.**<br>Күн менен түн теңелді,<br>Жер шуаққа кенелді,<br>Соны тойлар ел енді.<br>Наурыз тойы -салтымыз,<br>Көгерсін деп халқымыз<br>Көшеге тал егеді.<br>Жарқырап тұр күніміз,<br>Жайқалсын жас гүліміз,<br>Бақта бұлбұл сайрасын.<br>Сәнді көктем нұрымен,<br>Мағынасын түсіндіру.<br>Мазмұн арқылы сарлау, Блум таксономиясы.<br>**Балаларға Наурыз көже туралы түсінік беру.**<br>**Қорытынды.**<br>Қандай мереке туралы білдік?<br>Балалар не туралы айтық?<br>Балаларды мадақтау.<br>Пед жет ойын<br>«Наурыз деген не?»<br>-Күн мен түн теңеледі-<br>Ренжіскен адамдар<br>достасады<br>-7 түрлі дәмнен Наурыз көже дайындайды<br>Ұлттық ойындар ойналады.<br>-Ешкіммен ренжіспейді;-<br>Жаман  сөздер айтпайды;<br>-Жаман қылықтар көрсетпейді.<br>Сыни ойлау, бала үні, | Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз.<br>Баршаңызды құрметтеп<br>Бас иеміз біз..<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Тосын сәт: Есік қағылып, қуыршақ кіреді. Қолында қорапшасы бар.<br>Балалармен амандасады.<br>Балалар маған көмектесіңдерші мына тапсырмаларды орындай алмай тұрмын<br>**Ой дамыту**<br>1-тапсырма.<br>Пед жет ойын : «Ұзын қысқа»<br>-Мынау кімдердің суреті?<br>Мына баланың бойы ұзын ба, қысқа ма?<br>-Мынау қандай жол?<br>2-тапсырма<br>«Ұзын-қысқа» ойыны.<br>-Мен жасыл жолақтың үстіне ақ жолақты қоямын<br>-Қайсысы ұзын екен?<br>3-тапсырма.<br>Пед жет ойын:<br>«айырмашылыгын   тап»<br>Суретпен жұмыс.?<br>-Аю қандай пойызды жүргізіп келе жатыр?<br>-Ал қоян қандай пойызды жүргізіп келе жатқанын сұрау.<br>-Олардың айырмашылығы қандай?<br>-Ненің пойызы ұзын екен?<br>-Ненің пойызы қысқа?<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды. | **1.Психологиялық жаттығу:**<br>Көздеріңді жұмып, ең жақсы сәттеріңді еске салыңдар<br>Балалар жайылып отырып, көздерін жұмып, ең жақсы сәттерін елестейді.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Мен бүгін балабақшаға келе жатып,сандық тауып алдым.<br>Ішінде не бар деп ойлайсыңдар?<br>Ол сандықтың ішіне ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды сандықтан шығару үшін жұмбақтарды шешуіміз керек.<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақтар:**<br>1Көлеңкесінен қорқып безектейді,<br>Ал,оның баласын «көжек»дейді.<br>2.Ит секілді пішіні,<br>Бірақ адамды ұнатпайды.<br>3.Өзі қу,әрі айлакер,<br>Жүрген жері айқай да шу.<br>4.Қыс бойы жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады.<br>5.Қара ала тоны бар,<br>Ол аңдардың қыраны.<br>Жатқанын көрмейміз,<br>Серейіп көп тұрады. | Асапан ашық,көгілдір<br>Күн шуағын төгіп тұр!<br>Қол ұстасқан біздерді,<br>Терезeмнен көріп тұр.<br>Қызығушылықты ояту.<br>**Ой дамытуАҚТ технологиясымен Жұмыс**<br>**Суретпен жұмыс**<br>-Енді, балалар, мына суретке карандаршы, не көріп тұрсыңдар?<br>-Қандай оюмен безендірілген?<br>**Ой дамыту.**<br>Ирек ою өрнегімен таныстыру.<br>Кілем туралы түсінік беру.<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.**<br>Құрлымдалған ойын: «Кілемшені өрнекте»<br>4.Сергіту сәті.<br>Бой жазайық бәріміз -<br>Мойнымызды бұрамыз,<br>Қолымызды созамыз,<br>Топ – топ басып аяқпен,<br>Орнымызға барамыз.<br>Жеке көмек.<br>П/Ж ойын: «Біздің көрме»<br>Балалардың жұмысын мадақтау<br>Тақырыпты  сұрақтар қоя отырып қорытындылау жақсы сурет салған балаларды мадақтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Балалар Айсұлуға көмектесеміз бе?*<br>*Құрлымдалған ойын:*<br>*«Киіз үй»*<br>*Шарты: Қиынды суреттерден киіз үй құрастыру.*<br>*4К моделі, бала үні, жанама бақылау.*<br>***Айсұлу балаларға көмектеріне көп рахмет айтып қоштасады.***<br>***Қорытынды.***<br>*Өлең жолдары арқылы ұоқ қортындылау.*<br>**Шаңырақ. Серік Әкірамұлы**<br>Киіз үйге кіргенде,<br>Бәрі басын иеді.<br>Оның сыры білгенге,<br>Шаңырақ қой киелі.<br>Кереге, уық ғажап тым,<br>Кестелі ою өң береді.<br>Киіз үйі қазақтың,<br>Жер шарындай дөңгелек.<br>*Сыни ойлау, комуникатив дағды.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2. Дене шынықтыру.***<br>***Мақсаты:*** *Допты оң, сол қолмен лақтырады. Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, тартылып еңбектей алады.*<br>*Ресурстар: лента, текшелер, құстар бет пердесі.*<br>*Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***1Амандасу.*** | *комуникативтілік дағды, жаппай бақылау.*<br>***Құрлымдалған ойын:***<br>***«Бөлігін тап»***<br>*Шарты: Алтыбақан, киіз үй, бесік берілген заттардың бөлігін тауып құрастыру.*<br>*Сыни ойлау, командада жұмыс, комуникативтілік дағды, креативтілік.*<br>***Қорытындылау***<br>***Сұрақ-жауап***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br><br>***3.Музыка***<br>***Тақырыбы: «Табиғат тамшылары»***<br>***Мақсаты:*** *Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын білдіруді біледі.*<br>***Ресурстар:*** *Тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>***Әдіс-тәсілі:***<br>*4Ксуретарқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***Шаттық шеңберіне тұру.***<br>*Қайырлы таң, алтын күн!*<br>*Қайырлы таң, жер-ана!*<br>*Қайырлы таң, мектебім!*<br>*Қайырлы таң, достарым!*<br>*Көңілді әуенмен сабақты бастау.*<br>*– Біздің айналамызды не қоршап тұр?* | *3.Сергіту сәті:*<br>*Құрлымдалған ойын:«Тап және боя» ойыны.*<br>*Геометриялық пішіндер ішінен үшбұрышты тауып көк қарындашпен, ал шеңберді тауып қызыл қарындашпен бояу*<br>*Креативтілік дағды, сыни ойлау, жанама бақылау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*3 Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.*<br><br>***2.Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *Бесік жыры*<br>***Мақсаты:*** *Бесік жырын тыңдапхалық өлеңдерінің ырғағы мен ұйқасын түсінеді.*<br>***Ресурстар:*** *Тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4Ксуретарқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау*<br>***ҰОҚ өтіліу барысы***<br>***I. Шаттық шеңбері.***<br>***«Сәлем дейміз бәріне»***<br>***II. Қызығушылықтырын ояту.***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Сәбиге сәнді үй,*<br>*Әжеге ән-күй.**(бесік)***<br>*Бесікке іледі,*<br>*Әнінде,дәмінде,*<br>*Сәбилер біледі.**(сылдырмақ)***<br>***2.Ой дамыту***<br>***Бесік туралы түсінік беру.***<br>*Сұрақ – жауап.* | *6.Бұтадан-бұтаға секірген, кішкентай ғана шапшаң аң.*<br>*-Бұларды қалай атаймыз?*<br>*-Олар қайда тұрады?*<br>*Мазмұн арқылы саралу, сыни ойлау, Блум таксономиясы.*<br>***4.АКТ жабайы жануалар.***<br><br>*Түсінік беру*<br>*Сұрақ жауап.*<br>*Сыни ойлау, комуникатив дағды.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Ненің басы,ненің құйрығы?»*<br>*Шарты: Жануарлардың дене бөліктерін құрастыру*<br><br>***6.Сергіту сәті:***<br>*Көлбең көлбең көлеңкем*<br>*Көлбең деген көлеңкем*<br>*Кім көрсетін береді*<br>*Қоян қалай секіреді,*<br>*Қасқыр қалай жортады*<br>*Түлкі қалай жүреді*<br>*Аю қалай қорбаңдайды.*<br>***7. Қорытынды*** | ***2.Дене шынықтыру***<br>***Мақсаты:*** *Доғаның астымен еңбектеуге үйренеді. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүре алады.*<br>*Ресурстар: Гимнастикалық орындық, таяқшалар.доға*<br>*Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***1.Амандасу.***<br>***2.Кіріспе***<br>***Шеңбермен жүру.***<br>*Педагогтың артынан жүру,жүгіру.*<br>*Шеңберге тұру.*<br>*Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.*<br>***3.Жалпы даму жаттығулары.***<br>***Таяқшамен***<br>*-Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу(3-4 қайталау.) Б.қ .келу.*<br>*- Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Шеңбер бойымен жүру,жүгіру.**<br>«Орман аңдары»<br>1. «Аю»<br>Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.<br>2. «Түлкі»<br>Қолды жанға ұстап, (құланып) бір сызықпен жүру.<br>3. «Көжек»<br>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.<br>4. «Қасқыр»<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.<br>Балаларға әр түсті екі текшелерден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.<br>**3.Жалпы даму жаттығулары.**<br>**Текшемен жаттығулар.**<br>1.Қол мен иық бұлшықеттер-іне арналған жаттығулар.<br>1. Текшелерді жоғары көтеріп, бір-біріне соғу.Б. қ. келу.<br>2.Қолдағы текшелерді жоғары көтеру.<br>3.Қос қолдағы текшелермен оңға,солға иілу.<br>4. Қолдағы текшелерді алға созып отыру.Тұру.Б. қ. келу<br>5.Аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау.<br>6. Алға қос аяқпен секіру.Б. қ.<br>**Тыныс алу жаттығуы.**<br>Текшелерді үрлеу.<br>4 к моделі, бала үні<br>Өнім арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.** | Әрине, табиғат. Табиғатта түрлі құбылыстар болады, жел соғады, жауын жауады, қар жауады, күн шығады. Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Жаңбырдың да бірнеше түрі болады. «Ақ жауын», «нөсер жауын». Ақ жауын – жайлап ұзақ жауады, кейде апталап жауады. Нөсер жауын қатты құйып жауады, бірақ тез бітеді.<br>Мазмұн арқылы саралу, Блум таксономиясы, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Тамшылар» (муз. мен сөзі Л. Мұқашева). Балалардан әннің не жайында екенін сұрау. Әуен қалай орындалды, қандай екпінде, қандай көңіл күйде? Тамшы қайдан пайда болады? Балалардың пікірін тыңдау.<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды.<br>**Ән айту:** «Ақ жауын» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева).<br>Әнді педагог орындап, балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Жауын жылдың қай мезгілінде көбірек жауады? «Ақ жауын» деп қандай жауынды айтамыз? Ән қандай көңіл күйде айтылып отыр? Әннің сөздерін қайталату, анық, таза айтуларын қадағалау.<br>Сыни ойлау, бала үні, | -Бесік деген не?<br>-Ол не үшін керек?<br>-Оны неден жасаймыз?<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Бесік,тербету,жұбату, бесікті аластау, бөпе, сылдырмақ т.б.<br>**3.Өлең оқу.**<br>**«Әлди,әлди ақ бөпем» - Өлең не туралы айтылған?**<br>**4.Ғажайып сәт.**<br>– Айгүл қуыршақтың қонаққа бөпесін алып келуі.<br>-Бесікке салу дәстүрін көрсету.<br>–Өлең жолдарын бәрі бірге айтып бөпені ұйықтату.<br>**«Әлди,әлди ақ бөпем»**<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем!<br>Қонақ келсе, қой, бөпем,<br>Қой тоқтысын сой, бөпем,<br>Құйрығына той, бөпем<br>Құрлымдалған ойын: «Ерекшелігін тап»<br>Шарты: Наурыз мейрамының ерекшеліктерін суреттен топтау.<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Балалрды мадақтау.<br><br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Мақсаты:** Допты оң, сол қолмен лақтырады. Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, тартылып еңбектей алады.<br>Ресурстар: лента, текшелер, | **Ойын арқылы қорытындылау.**<br>Пед жет ойын «Сөйлемді аяқта»<br>Ойынның шарты:мен сөйлемдер айтам ,сендер аяқтайсыңдар мұхият тыңдаңдар:<br>Аюдың баласы...........<br>Қасқырдың баласы...........<br>Қоян күзде сұры ал қыста..........<br>Кірпі кішкентай, ал аю..............<br>Жарайсыңдар!<br>Балаларды мадақтау.<br>Көңілді смайлктер беру.<br><br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Кірпі<br>**Мақсаты:** Кірпі тіршілігімен танысып, оның басқа аңдардан ерекшелігін түсінеді.<br>Ресурстар: ойыншық кірпі, қайшы, желім, түрлі-түсті қағаздар<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>Пед жет ойын: «Кім жылдам»<br>Жұмбақ жасыру:<br>Тоны- инелер<br>Жиналып қалса қадалар<br>Толған тікенек<br>Ұстауға келмей мазалар<br>Бұл не?<br>**Ой дамыту.** | қимылын жасау (3-4рет ) Б.қ.<br>- Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Отырып, тұру. Б:Қ<br>- Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>Араның дыбысын салу. -з-з-з<br>4 к моделі, бала үні<br>Өнім арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br>1. Доғаның астымен еңбектейді.<br>2.Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру.<br>Командада жұмыс, бала үні.<br>**5.Қимылды ойын:**<br>«Күн мен түн»<br>**Қортынды**<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Допты оң, сол қолмен лақтыру<br>Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, тартылып еңбектеу.<br>**.5.Қимылды ойын:**<br>**«Құстар»** Командада жұмыс, жанама бақылау.<br>Шеңберге тұру.<br>Балаларды мадақтау. | комуникативтілік дағды, креативтілік дағды, жаппай бақылау.<br>**Қортынды**<br>Қандай табиғат құбылыстарын білесің? «Ақ жауын» әнінің көңіл күйі суреттегі қай құбылысқа сай келеді деп ойлайсың? Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Саған жаңбыр ұнай ма? | құстар бет пердесі.<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**1Амандасу.**<br>**2. Шеңбер бойымен жүру,жүгіру.**<br>«Орман аңдары»<br>1. «Аю»<br>Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.<br>2. «Түлкі»<br>Қолды жанға ұстап, (құланып) бір сызықпен жүру.<br>3. «Көжек»<br>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.<br>4. «Қасқыр»<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.<br>Балаларға әр түсті екі текшелерден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.<br>**3.Жалпы даму жаттығулары.**<br>**Текшемен жаттығулар.**<br>1.Қол мен иық бұлшықеттер-іне арналған жаттығулар.<br>1. Текшелерді жоғары көтеріп, бір-біріне соғу.Б. қ. келу.<br>2.Қолдағы текшелерді жоғары көтеру.<br>3.Қос қолдағы текшелермен оңға,солға иілу.<br>4. Қолдағы текшелерді алға созып отыру.Тұру.Б. қ. келу<br>5.Аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау. | Суретпен жұмыс<br>Кірпі денесінің сипаттау<br>**Тосын сәт.**<br>Кірпі келеді.<br>Балалар кірпі өте көңілсіз, көктем келген де кірпінің інін су басып кетінті<br>Оның достарының суретері су болып, бүлініп қалған. Енді біз кірпіге көмектесіп достарының суреттерін жапсырып берейік.<br>Сыни ойлау, комуникативтілік дағды.<br>**Жапсырудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**<br>Өз бетінше жұмыс<br>Қадағалау.<br>Құрлымдалған ойын: «Кірпінің достары»<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.<br>**Сергіту сәті**<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Оңға қарай иіліп,<br>Солға қарай иіліп,<br>жоғары-төмен қарайық,<br>орнымызды табайық.<br>**Балалардың жұмысын қорытындылау**<br>Кірпі достарын көріп қуанып рахмет айтып қоштасады.<br>Балаларға жұлдызшалар тарату арқылы қорытындылау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *6. Алға қос аяқпен секіру.Б. қ.*<br>***Тыныс алу жаттығуы.***<br>*Текшелерді үрлеу.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*Допты оң, сол қолмен лақтыру*<br>*Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, тартылып еңбектеу.*<br>*.**5.Қимылды ойын:***<br>***«Құстар»*** *Командада жұмыс, жанама бақылау.*<br>*Шеңберге тұру.* | | |
| ***Серуенге дайындық*** | *Жүйелі киініп серуенге шығу .* *Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»*<br>*Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Картотека №16***<br>***Бақылау: Бұталарды бақылау.***<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека №17***<br>***Бақылау: Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.***<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека №18***<br>***Бақылау: Құстардың ұшып келуін бақылау***<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека №19***<br>*Бақылау: Қараторғайларды бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека №20***<br>***Бақылау: Ұяларды бақылау.***<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***Көктем мезгілінің серуен картотекасынан. Картотека қосымша тігілген.*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ата-аналарağа ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. «Менің отбасым» Ата –аналарға отбасы суреттерін әкелуді айту. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу*<br>*Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | | | | |

Тексерілді

***ЦИКЛОГРАММА***
***ІІ апта 7.03-11.03.2022ж***
***«Жұлдыздар» ортаңғы тобы***

***Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»***
***Тақырыпша. «Ертегілер елінде. Театр әлемі»***

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру.<br>Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Картотека № 18**<br>**Құрылымдалған ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»**<br>Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретін түсінеді<br>4К моделі, бала үні. | **Картотека № 19**<br>**Құрылымдалған ойын: «Қысқы тіршілік»**<br>Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын атап, оларды ажырата біледі.<br>4К моделі, бала үні. | **Картотека № 20**<br>**Құрылымдалған ойын: «Орнын тап»**<br>Мақсаты: балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтап суреттен таба алады.<br>4К моделі, бала үні. | **Картотека № 21**<br>**Пед жет ойын: «Балық аулау»**<br><br>Мақсаты: сұрақтарға жауап бере біледі.<br>4К моделі, бала үні. | **Картотека № 16**<br>**Құрылымдалған ойын: «Қоянға көмектесеміз»**<br>Ойын мақсаты:<br>Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуды біледі.<br>4К моделі, бала үні. |
| | **ТАНЫМ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН Картотека қосымша тігілген** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | **Наурыз айының 2 -аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу қосымша тіркелген**<br>**Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын, дене бітімін дамыту.** | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | **ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.**<br>Күнім күліп арайлы,<br>Тереземнен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды | | | | |
| **Мектепке 8. дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Сиқырлы зәулім үй<br>**Мақсаты:** Сәйкес белгілері бойынша біріктіре отырып, жұмыс жасай алады.<br>**Ресурстар:** Үй суреттері<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау, өнім арқылы саралау,<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>Біздің топтың ұл- қыздары,<br>Тату тәтті ойнайды.<br>Әлемдегі бар адамға,<br>Тек жақсылық ойлайды.<br>**АКТ технол жұмыс.** | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>Менің сүйікті ертегім «Адасқан құмырсқа»<br>**Мақсаты:** Балалар таныс ертегілерді тыңдап, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын түсінеді.<br>**Ресурстар:**<br>Көрнекіліктер<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , командада жұмыс, бала үні, бақылау<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы** | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен.<br>**Мақсаты:** Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен, алыс-жақын, биік-аласа ажырата алады.<br>**Ресурстар:**2 сандық, шалқан ертегісінің кейіпкерлері, әр түрлі суреттер<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , командада жұмыс, бала үні, бақылау<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Кел балалар күлейік | **1. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Орман тұрғындары<br>**Мақсаты:** Жабайы жануарлардың (түлкі, қасқыр, тиін) сыртқы белгілері мен әрекеттері туралы түсінеді.<br>**Ресурстар:**АКТ,Жабайы жануарлардың суреттері,<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , командада жұмыс, бала үні, бақылау<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Психологиялық жаттығу:**<br>Көздеріңді жұмып, ең жақсы сәттеріңді еске салыңдар<br>Балалар жайылып отырып, | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>Ертегі кейіпкерлері<br>**Мақсаты:** Балалардың сүйікті ертегі кейіпкерлерін өз қалаулары бойынша салуға үйренеді.<br>**Ресурстар:** АКТ технологиясы.<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау, өнім арқылы саралау,<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Шаттық шеңбер.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Пед жет ойын:<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>*Жалтылдап қалағы,*<br>*Салатын кім қаланы?*<br>*(Құрлысшы.)*<br>**Ой қозғау.**<br>*-Құрылысшы дегеніміз кім?*<br>*-Олар не тұрғызады?*<br>Балалар бүгін бәріңіз құрлысшы болып өздеріңізге әдемі үй жасайсыңдар.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар, тұрайық<br>Алақанды соғайық.<br>Бір отырып, бір тұрып<br>Біз тынығып алайық.<br>Пед жет ойын:<br>«Пішіндерді ата»<br>Шарты. Берілген пішіндерді дұрыс атау.<br>Осы пішіндерден не құрастыруға болады?<br>**Үлгі көрсету түсіндіру.**<br>Балалардың өзіндік жұмыстары.<br>Балалар үйді конструктордан, кубиктерден тұрғызады.<br>**Бас бармақ әдісі** арқылы балалар бірі бірінің жұмыстарын бағалайды.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.<br>**Қорытынды**<br>Құрлымдалған қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»<br>**-**Балалар құрылысшы дегеніміз кім?<br>-Құрылысшылар не салады?<br>Жарайсыңдар, балалар! Сендер құрылысшы ағайлар секілді үйді өте мықты, әдемі етіп 1. | 1.Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?<br>Күз айларын атаңдаршы балалар?<br>**2Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Қылдай белі бүгілген<br>Өзінен де жүгі үлкен.<br>(құмырсқа)<br>3.Ертегіні айтып беру<br><br><br>Ертегі желісі бойынша сұрақ қою.<br>4К моделі, бала үні.<br>**Ой қозғау.**<br>Сұрақтар:<br>-Ертегі қалай аталады?<br>-Құмырсқа нелермен дос болыпты?<br>-Құмырсқаның осы достары жайлы не ойлайсыңдар?<br>-Құмырсқаға нелер көмектесті?<br>-Кәрі құмырсқа не айтты?<br>Блум таксономиясы,<br>**Миға шабуыл**<br>Пед жет ойын : «Кім жылдам?»<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Екі басы жұдырықтай<br>Ортасы қылдырықтай | Күлкіменен түлейік<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді боп жүрейік!<br>**Қызығушылықтарын ояту**.<br>Балалар менің қолымда екі сандықша бар артықшылығын таба аласыңдарма?<br>(Оң жақтағы сандық-оюлы,Сол жақтағы сандық – оюсыз)<br>балалар ендеше осы сандықтың алдында не бар?<br>Артында не бар?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар!<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды.<br>Пед жет ойын: «Көршіңді ата"<br>Ойын шарты.<br>Балалар орындыққа жайғасып оң және сол жақтағы көршісін атайды<br>**Сергіту сәті:**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ<br>Бесті беске қосамыз<br>Болып шықты он саусақ!<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Пед жет ойын: «Суреттер сөйлейді»<br>1.Көліктің алдында не келе жатыр? 2.Көліктің артында не келе жатыр?<br>Сатының жоғарғы жағында кім тұр?<br>-Сатының төменгі жағында кім тұр?<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды, жаппай бақылау.<br>Құрлымдалған ойын: «Жол | көздерін жұмып, ең жақсы сәттерін елестейді.<br>**Ой қозғау.**<br>Мен бүгін балабақшаға келе жатып,сандық тауып алдым.<br>Ішінде не бар деп ойлайсыңдар?<br>Ол сандықтың ішіне ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды сандықтан шығару үшін жұмбақтарды шешуіміз керек<br>Пед жет ойын: «Ойлан тап».<br>**Жұмбақтар:**<br>1Көлеңкесінен қорқып безектейді,<br>Ал,оның баласын «көжек»дейді.<br>2.Ит секілді пішіні,<br>Бірақ адамды ұнатпайды.<br>3.Өзі қу,әрі айлакер,<br>Жүрген жері айқай да шу.<br>4.Қыс бойы жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады.<br>5.Қара ала тоны бар,<br>Ол аңдардың қыраны.<br>Жатқанын көрмейміз,<br>Серейіп көп тұрады.<br>6.Бұтадан-бұтаға секірген, кішкентай ғана шапшаң аң.<br>-Бұларды қалай атаймыз?<br>-Олар қайда тұрады?<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**АКТ жабайы жануалар.**<br>Түсінік беру<br>Сұрақ жауап.<br>Құрлымдалған ойын: «Бөлігін тап»<br>Шарты: Жануарлардың дене бөлігін табу. | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>Балалар мен қонаққа ертегіші Ерден атайды шақырып едім.<br>**АКТтехнологиясы.**<br>Балалардың назарын бейнетаспаға аудару.<br>(Бейне таспа арқылы ертегіші атай Ерден келеді).<br>Балалардан қандай ертегі білетіндерін сұрайды.<br>Сыни ойлау, Бала үні<br>Ой, балалар, сендер көп ертегі біледі екенсіңдер<br>**Ерден ата жұмбақ жасырады.**<br>**Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»**<br>От басында құмған,<br>Екі көзін жұмған.<br>Ол не?<br>-Мысық қай ертегіде кездеседі?<br>Ерден ата : Маған осы ертегідегі кейіпкерлердің суретін салып беріңдерші?<br>Балалар ертегіде қандай кейіпкерлер бар еді?<br>Мазмұн арқылы саралау.<br>Бала үні<br>**Топқа бөлу**<br>**Ертегі кейіпкерлері арқылы.**<br>1-топ .Мысық<br>2-топ. Мақтақыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
